

« 05 » 05 2022 ж.  
№ 64 бұйрыққа  
1-қосымша

**«Патриоттық тәрбиеге арналған  
сабақтың үздік әзірленімі»  
қалалық сырттай байқауын ұйымдастыру және өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

## **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

1. Ереже байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды, байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушы: «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

3. Қатысушылар: жалпы орта білім беретін мектептердің тарих пәні педагогтері.

4. Нәтижелерді жариялау: байқаудың кезеңдері бойынша қорытындысы БЖО сайтында орналастырылады: <https://astana-modern.kz/>

## **II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Мақсаты:** Педагогтің патриоттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмысында кәсіптік шеберлігін, шығармашылығын байқау.

Білім үдерісінде оқушыларға патриоттық тәрбие беруде педагогтердің тәжірибе алмасуы және бөлісуі, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтау.

### **Міндеттері:**

- оқушыларды Қазақстандық патриотизмге баулу;
- текті намысты ұрпақ бойында ұлттық сананың көрініс табуы;
- мұғалімдердің шығармашылық қабілеті мен инновациялық-педагогикалық идеяларына қолдау көрсету;
- педагог қызметкерлердің ғылыми, зерттеушілік әлеуетін дамыту;
- педагог мәртебесін қалыптастыру;
- мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан өсуін ынталандыру;
- шығармашыл педагогтерге қолдау көрсетіп, бастамаларын сүйемелдеу.

## **III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару комиссия құрамы құрылады.

2. Байқаудың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, педагогикалық шеберлік орталығы қызметкерлерінен құрылады.

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар екі апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, марапаттауды жүзеге асырады.

6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7. Комиссия мүшелері бағалауды критериалды жүйе бойынша тиісті бағалау парақтарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның әрбір мүшесі бағалау парақтарын комиссия хатшысына тапсырады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

8. Байқауға қатысу үшін 2022 жылғы 12 мамырға дейін *nurali\_0909@mail.ru* электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынуы қажет:

- осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім береді.
- Патриоттық тәрбиеге арналған сабақтың үздік әзірленімін жібереді.

9. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

#### **IV. БАЙҚАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ**

1. Сабақтың әзірленімі жалпы білім беру мазмұны негізгі стандарттар мен талаптарға сай болуы тиіс.

2. Байқауға ұсынылатын материалдар:

- жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс.
- титул парағы;
- мазмұны (14 шрифт, Times New Roman).

Титул парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
- мұғалімнің тегі, аты-жөні;
- сабақтың атауы.

- барлық материалдар қазақ немесе орыс оқыту тілінде электрондық нұсқада ұсынылады.

## **V. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

1. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпазды жүлдегерлерді (1-1, 2-2, 3-3 орын) анықтайды.

2. Байқау нәтижесі бойынша 1-1, 2-2, 3-3 орын дәрежелі дипломымен, марапатталады.

3. Байқаудың нәтижелері байқау аяқталған соң, күнтізбелік он күн ішінде орталықтың интернет-ресурстарында және орталықтың сайтында (<https://astana-modern.kz/>) орналастырылады.



«Патриоттық тәрбиеге арналған сабақтың үздік әзірленімі»  
қалалық сырттай байқауына қатысуға

**ӨТІНІМ**

Қатысушының толық аты-жөні	
Білім ұйымының толық атауы	
Лауазымы	
Оқытатын пәні	
Жұмыс өтілі	
Біліктілік санаты	
Электрондық поштасы	
Желілік байланыс нөмері	

**«Патриоттық тәрбиеге арналған сабақтың үздік әзірленімі»  
қалалық сырттай бағалау критерилері**

№	Бағалау критерилері	Балл 1-3
1	тақырыпқа сәйкестігі;	
2	тақырыпты ашудың дәйектілігі мен тереңдігі, ұсынудың айқындылығы;	
3	сабақтың креативтілігі (идея жаңашылдығы, бірегейлігі, инновациялық технологияларды қолдану деңгейі);	
4	талапқа сай жазылуы;	
5	тақырып ашылып, мақсатқа жете білуі;	
6	оқыту материалының жүйелілігі мен бірізділігі;	
7	ресурстарды пайдаланудағы саны мен сапасы;	
8	тақырыптың толық ашылуы, әдістемелік әдістердің ерекшелігі, ғылымилығы;	
9	мұғалімнің шығармашылығы;	
10	ескертулер	
11	<b>Жалпы ұпай</b>	

Комиссия мүшесі:

\_\_\_\_\_

КОЛЫ

\_\_\_\_\_

АТЫ-ЖӨНІ